


АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
2022 жылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңыру жолы» атты Жолдауында ауыл шаруашылығы техникаларын жетілдіру, тұқым мен тыңайтыш қорын қайта тексеруді тапсырды. Сондай-ақ, бірқатар өңірдегі жауын-шашын түсімінің аздығы егіннің, жем-шөптің жетіпсілеуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін, осыған орай алдын алу шараларын қолға алуды айтқан еді.



Мемлекет басшысының бастамасын жүзеге асыру мақсатында сексен жылға жуық, тарихы бар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әр салаға қажетті білікті мамандарды даярлап келеді. Оның ішінде білім беру, бизнесті дамыту, инженерлік біліктілікті арттыру, ауыл шаруашылығының жағдайту және басқа да салалар бар. Студенттерге халықаралық стандарттарға сәйкес білім беретін бұл жоғары оқу орнында материалдық-базалық жағдай толығымен жасақталған.

М.Әуезов атындағы ОҚУ – еліміздегі жалпы ЖОО рейтингі бойынша да, мемлекеттен берілетін білім гран-

тының саны бойынша да 3-орында. Университеттің іргелі құрылымының бірі – Аграрлық факультеті, Факультет 20 жылдан астам уақытта бәсекеге қабілетті мамандарды оқытып отыр. Бүгінде 6В08110- Агрономия, 6В08130 - Өсімдік қорғау және карантин, 6В08120-Топырақтану және агрокимия, 6В0821-Мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы, 6В08610 - Су ресурстары және суды пайдалану, 6В08710-Аграрлық техника және технология, 6В09111-Ветеринариялық медицина, 6В07350-Жерге орналастыру, 6В07360-Кадастр мамандықтары бойынша баянлап, 7М07330-«Қалалар мен өнеркәсіпті сумен қам-

тамассыз ету», 7М07350-«Геоекеністік сандық инженерия» салалары бойынша магистратура бар.

Ауыл шаруашылығын да- мыттайынша халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкін емес. Ал, ол үшін ауыл шаруашылығының әр саласы бойынша білікті кадр даярлаудың маңызы зор. Факультетте 100-ден астам профессор мен оқытушы дәріс береді. Оның ішінде ҚР ҰҒА академигі, 12 ғылым докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегерлері, кандидат, доценттер, штедлердегі алдыңғы қатарлы университеттерде ғылыми тағымдамадан өтіп көлген «Болашақ» стипендиясының иегерлері бар.

Факультет Ресей, Германия, Австралия, Австрия, Польша, Латвия, Әзербайжан секілді алыс-жақын штедлердің жоғары оқу орындары мен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен тығыз байланыс орнатқан. Сондай-ақ, студенттер «DAAD», «Өрлеу» бағдарламалары арқылы академиялық үткірлық бойынша штеддерде жоғары оқу орындауда 1 семестр немесе толық бір оқу жылы бойына білімін үштастырып келуде.

Ендеше, халықаралық талаптарға сай, бәсекеге қабілетті маман болғының келсе, М.Әуезов атындағы ОҚУ жол тартыңыз. Алдымыздығы 2022-2023 оқу жылында сіздер үшін, көптеген қосымша гранттар бөлінуде, оның жартысынан астамы ауылшаруашылығы және техникалық мамандықтар еншісіне тиеді. Құрметті жас талапкер, сізге берілген мүмкіндікті жіберіп алмаңыз.

**Е.ЕСІМОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«СРЖЖА» кафедрасының
т.ғ.к., доценті**